65 және одан үлкен жастағын пациенттерде дозаны түзету қажет емес. Препаратты 75 және одан жоғары жастағы пациенттерде қолдану туралы деректер шектеулі.

65 жастан асқан пациенттерде Ксельжанс® препаратын қолдану кезінде ауыр инфекциялардың, миокард инфарктісінің және қатерлі ісіктердің пайда болу қаупінің жоғарылауын ескере отырып, егер тиісті балама емдеу әдістері болмаса ғана Ксельжанс® препаратын тағайындау керек.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

- Бүйрек функциясының ауырлығы жеңіл (креатинин клиренсі 50-80 мл/мин) немесе орташа (креатинин клиренсі 30-49 мл/мин) дәрежеде бұзылған пациенттерде препараттың дозасын түзету талап етілмейді.
- Бүйрек функциясының ауыр бұзылулары (креатинин клиренсі < 30 мл/мин): егер бүйректің функциясы қалыпты кезінде көрсетілген доза босап шығуы ұзартылған таблетка түрінде тәулігіне екі рет 5 мг немесе тәулігіне бір рет 11 мг болса, препараттың дозасын тәулігіне бір рет 5 мг-ға дейін төмендету керек (РА кезінде көрсетілген). ОК ауыратын науқастарда препараттың дозасы тәулігіне екі рет 5 мг-ға дейін төмендетілуі керек, бүйрек функциясының қалыпты жағдайында көрсетілген доза тәулігіне екі рет 10 мг доза болғанда. Бүйрек функциясының ауыр дәрежелі бұзылуы бар пациенттер гемодиализден кейін де препараттың төмендетілген дозасын қабылдауды жалғастыруы керек.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

- Бауыр функциясы жеңіл дәрежелі бұзылған пациенттерде препараттың дозасын түзету талап етілмейді (Чайлд-Пью бойынша А класы).
- Бауыр функциясының бұзылуының орташа дәрежесі (Чайлд-Пью бойынша В класы): егер бауырдың қалыпты функциясында көрсетілген доза модификацияланып босап шығатын таблетка түрінде тәулігіне екі рет 5 мг немесе тәулігіне бір рет 11 мг болса, препараттың дозасын тәулігіне бір рет 5 мг-ға дейін төмендету керек (РА кезінде көрсетілген). ОК бар пациенттерде препараттың дозасын тәулігіне екі рет 5 мг-ға дейін төмендету керек, бауыр функциясының қалыпты жағдайында көрсетілген доза тәулігіне екі рет 10 мг болғанда.
- Ксельжанс® препаратын бауыр функциясы ауыр дәрежелі бұзылған пациенттерге қолдануға болмайды (Чайлд-Пью бойынша С класы).

Бала жасындағы пациенттер

пЮИА және юПсА бар 2 жасқа дейінгі балаларда Ксельжанс® препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Деректер жоқ.

18 жасқа дейінгі балаларда тофацитинибтің қауіпсіздігі мен тиімділігі басқа қолдану көрсетімдерімен (мысалы, ойықжаралы колит) анықталмаған. Деректер жоқ.

Тек бала жасындағы пациенттерде: Деректер терапиялық жақсару тофацитинибпен емдеуді бастағаннан кейін 18 апта ішінде пайда болатынын көрсетеді. Осы уақыт

аралығында терапиялық жақсару байқалмаған пациентте терапияны жалғастыруды қайта қарастыру керек.

Жүктілік және бала емізу

- Жүктілік кезінде Ксельжанс® препаратын қолдануға болмайды.
- Бала емізу кезінде Ксельжанс® препаратын қолдануға болмайды.

Репродуктивті әлеуеті бар әйелдер

- Репродуктивті әлеуеті бар әйелдерге Ксельжанс® препаратын емдеу кезінде және препараттың соңғы дозасын қабылдағаннан кейін кемінде 4 апта бойы контрацепцияның тиімді құралдарын қолдануды ұсыну керек.

Ксельжанс® препаратын тағайындар алдында

Ксельжанс® препаратымен емдеуді бастамас бұрын **пациентке арналған жадынаманы** және бақылау сұрақтарының тізбесін пайдалана отырып, пациентпен ықтимал тәуекелдерді талқылаңыз (қосымша ақпаратты қоса берілген бақылау сұрақтарының тізбесінен қараңыз).

- | |
|--|
| <ul style="list-style-type: none">• Тофацитинибті 65 және одан үлкен жастағы пациенттерде басқа балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана қолдану керек;• Анамнезінде атеросклероздық жүрек-қантaмыр аурулары бар немесе жүрек-қантaмыр ауруларының дамуының басқа қауіп факторлары бар пациенттерде (мысалы, қазіргі уақытта шылым шегетін немесе бұрын шылым шеккен);• Қатерлі ісіктердің даму қаупі факторлары бар пациенттерде (мысалы, қазіргі уақытта қатерлі ісігі немесе анамнезінде қатерлі ісік бар). |
|--|
- Тофацитинибті қолданған кезде 65 жастан асқан пациенттерде ауыр инфекциялардың, миокард инфарктісінің, қатерлі ісіктердің және өлімнің жоғары қаупін ескере отырып, препаратты басқа қолжетімді қолайлы балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана тағайындау керек.
 - ВТЭ қауіп факторлары бар пациенттерге қолданған кезде сақ болу қажет.
 - Ауыр инфекциялардың даму қаупі жоғары пациенттерде Ксельжанс® препаратымен емдеудің қауіптері мен пайдасын мұқият бағалаңыз, соның ішінде келесі пациенттерде:
 - қайталанатын инфекциялар бар,
 - анамнезінде туберкулезбен (ТБ) байланыста болғаннан кейін,
 - анамнезінде ауыр немесе оппортунистік инфекциялар бар,
 - ТБ немесе микоз бойынша эндемиялық аудандарда өмір сүрген немесе саяхаттаған,
 - мысалы, қантты диабет сияқты инфекциялардың дамуына бейім болуы мүмкін қатар жүретін аурулары бар.

- Ықтималдығын бағалаңыз және пациентті жасырын немесе белсенді ТБ-инфекциясына тексеруден өткізіңіз. Жасырын ТБ ауыратын пациенттерге Ксельжанс® препаратын тағайындамас бұрын туберкулезге қарсы стандартты терапияны жүргізу керек.
- Барлық пациенттер, әсіресе пЮИА және юПсА бар пациенттер, иммундау жөніндегі жергілікті нұсқауларға сәйкес жасына қарай қажетті вакциналармен егілуі керек. Клиникалық зерттеулерде Ксельжанс® препаратын қолдану кезінде вирустық және герпес-вирустық инфекцияның (мысалы, белдемелі герпес) реактивациясы жағдайлары байқалды. Белдемелі герпестің пайда болу қаупі Ксельжанс® қабылдайтын Жапония мен Кореялық пациенттерде жоғары болуы мүмкін.
- Клиникалық ұсынымдарға сәйкес вирустық гепатиттерге қатысты скрининг жүргізілуі керек.
- Пациенттерде, соның ішінде 65 жастан асқан пациенттерде, шылым шегетін немесе бұрын шылым шеккен пациенттерде, жүректің ишемиялық аурулары және жүрек-қантамыр ауруларының басқа қауіп факторлары бар пациенттерде жүрек-қантамырлық қауіп факторларының пайда болуын бағалаңыз.
 - Тофацитиниб препаратын қолайлы балама емдеу әдістері болмаса ғана тағайындаңыз.
- Пациенттерде, соның ішінде 65 жастан асқан пациенттерде, шылым шегетін немесе бұрын шылым шеккен пациенттерде қатерлі ісіктердің дамуының қауіп факторларын, қатерлі ісіктердің пайда болуының басқа қауіп факторларын (мысалы, қазіргі уақытта немесе анамнезінде сәтті емделген терінің меланомалық емес обырынан басқа қатерлі ісік) бағалаңыз.
 - Тофацитиниб препаратын басқа қолайлы балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана тағайындаңыз.
- Пациенттің зертханалық көрсеткіштерін, соның ішінде лимфоциттерді, нейтрофилдерді, гемоглобинді, липидтерді және бауыр ферменттерін тексеріңіз. Келесі пациенттерде емдеуді бастау ұсынылмайды:
 - Лимфоциттердің абсолютті төмен саны (<750 жасуша / мм³);
 - Нейтрофилдердің абсолютті төмен саны (ересек пациенттерде <1000 жасуша/мм³ және бала жасындағы пациенттерде <1200 жасуша/мм³);
 - Төмен гемоглобин (ересек пациенттерде <9 г/дл және бала жасындағы пациенттерде <10 г/дл).

Ксельжанс® препаратымен ем қабылдап жүрген пациенттерге пациентке арналған жадынама берілуі керек.

Препаратты тағайындайтын дәрігерлерге пациенттерге беру үшін жеткілікті жадынамалар беріледі (елдегі Пфайзердің жергілікті кеңсенің жеткізу каналдары арқылы). Қосымша көшірмелерді медицина мамандарына арналған веб-сайттан жүктеуге болады (қосымша ақпаратты «Қауіп туралы ақпараттандыру» бөлімінен қараңыз).

Пациенттерге осы жадынаманы Ксельжанс® препаратының соңғы дозасын қабылдағаннан кейін кемінде 2 ай бойы өздерімен бірге ұстауға кеңес беру керек.

Зертханалық көрсеткіштерді бақылау:

Зертханалық көрсеткіштер	Тұрақты мониторинг	Зертханалық көрсеткіштің мәні	Ұсынылатын әрекеттер
--------------------------	--------------------	-------------------------------	----------------------

Лимфоциттер (ЛАС)	Бастапқы, содан кейін әр 3 ай сайын	750 және одан көп жасушалар / мм ³	Сол дозаны қолдануды жалғастырыңыз
		500-ден 750 жасушаға дейін/мм ³ диапазонда (қайта зерттеу нәтижелерімен расталған)	Дозаны азайту немесе терапияны тоқтату керек. Ксельжанс® препаратын үлбірлі қабықпен қапталған, модификацияланып босап шығатын таблетка түрінде тәулігіне екі рет 5 мг немесе тәулігіне бір рет 11 мг дозада қабылдайтын пациенттерде препаратты қолдануды тоқтата тұру керек. Тәулігіне екі рет 10 мг дозада Ксельжанс® қабылдайтын ОК бар пациенттерде Ксельжанс® препаратының дозасын тәулігіне екі рет 5 мг дейін төмендету қажет. Егер ЛАС 750-ден жоғары болса, терапияны клиникалық мақсатқа сай қайта бастаңыз.
		500 жасушадан/мм ³ аз(қайта зерттеу нәтижелерімен расталған)	Қолдануды тоқтату керек.

Зертханалық көрсеткіштер	Тұрақты мониторинг	Зертханалық көрсеткіштің мәні	Ұсынылатын әрекеттер
Нейтрофилдер (НАС)	Бастапқы, емдеудің 4-8 аптасынан кейін, содан кейін әр 3 ай сайын	НАС 1000 жасуша/мм ³ астам	Сол дозаны қолдануды жалғастырыңыз
		НАС 500-1000 жасуша / мм ³ (қайта зерттеу нәтижелерімен расталған)	Осы диапазондағы тұрақты төмендеу кезінде дозаны азайту немесе терапияны тоқтату керек. Ксельжанс® препаратын босап шығуы ұзаққа созылған таблетка түрінде тәулігіне екі рет 5 мг немесе тәулігіне бір рет 11 мг дозада қабылдайтын пациенттерде препаратты қолдануды тоқтату керек. Тәулігіне екі рет 10 мг дозада Ксельжанс® қабылдайтын ОК бар пациенттерде Ксельжанс® препаратының дозасын тәулігіне екі рет 5 мг дейін төмендету қажет. Егер НАС 1000 жасуша/мм ³ жоғары болса, терапияны клиникалық мақсатқа сай қайта бастаңыз.
		НАС 500 жасуша/мм ³ аз (қайта зерттеу нәтижелерімен расталған)	Қолдануды тоқтату керек
Гемоглобин	Бастапқы, 4-8 апта емдегеннен кейін, содан кейін әр 3 ай сайын	2 г/дл-ден аспайтын немесе деңгейі 9,0 г/дл кем емес төмендеу	Сол дозаны қолдануды жалғастырыңыз
		2 г/дл-ден астам төмендеу немесе 8,0 г/дл аз деңгей (қайта зертханалық талдаумен расталған)	Гемоглобин деңгейі қалыпқа келгенше қолдануды тоқтатыңыз
Липидтер	Терапия басталғаннан кейін 8 аптадан соң	ҚЕ	Гиперлипидемияны түзету бойынша клиникалық ұсынымдарға сәйкес жүргізу
Бауыр ферменттері	Күнделікті мониторинг	ҚЕ	Емдеу басталғаннан кейін бауырдың дәрілік зақымдануының ықтимал жағдайларын анықтау мақсатында бауыр функциясының көрсеткіштерін үнемі бақылау және бауыр ферменттерінің белсенділігінің жоғарылау себептеріне қатысты уақтылы тексеру ұсынылады

ЛАС= лимфоциттердің абсолютті саны; НАС=нейтрофилдердің абсолютті саны; ҚЕ=қатысты емес

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Басқа дәрілік препараттармен бірге қолдану

Ксельжанс® препаратын біріктірілімде қолдану зерттелмеген және оны ФНО

антагонистері, IL-1R антагонистері, IL-6R антагонистері, CD20 моноклоналды антиденелері, IL-17 антагонистері, IL-12/IL-23 антагонистері, антиинтегриндер және селективті ко- стимуляциялаушы модуляторлар сияқты биологиялық препараттармен, сондай-ақ иммуносупрессияның жоғарылауына және инфекцияның даму қаупінің жоғарылауына байланысты азатиоприн, 6-меркаптопурин, циклоспорин және такролимус сияқты күшті иммунодепрессанттармен үйлесімде қолданудан сақ болу керек.

РА клиникалық зерттеулерінде Ксельжанс® препаратымен монотерапиямен салыстырғанда Ксельжанс® препаратының МТ-мен біріктірілімін қолдану кезінде жағымсыз құбылыстардың жоғары жиілігі байқалды.

65 және одан үлкен жастағы пациенттерде қолдану

65 және одан үлкен жастағы пациенттерде Ксельжанс® препаратын пайдаланған кезде ауыр инфекциялардың, миокард инфарктісінің, қатерлі ісіктердің және өлімнің туындауының жоғары қаупін ескере отырып, Ксельжанс® препаратын емдеудің басқа қолайлы балама әдістері болмаған жағдайда ғана тағайындау керек.

Веналық тромбоэмболиялар (ВТЭ)

Ксельжанс® қабылдайтын ересек пациенттерде веналық тромбоэмболияның (ВТЭ) ауыр құбылыстары, соның ішінде өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ), өліммен аяқталған кейбір жағдайлар, сондай-ақ терең веналар тромбозы (ТВТ) байқалды. Жүрек-қантамыр асқынуларының пайда болуының кем дегенде бір қосымша қауіп факторы бар 50 жастағы және одан үлкен жастағы ревматоидты артриті бар пациенттерде қауіпсіздікті рандомизацияланған тіркеуден кейінгі зерттеуде ФНО тежегіштерімен салыстырғанда Ксельжанс® препаратын қолдану кезінде ВТЭ пайда болуының жоғары қаупі байқалды. Бұл оқиғалардың көпшілігі ауыр болды және кейбір ӨАТЖ жағдайлары өлімге әкелді.

Ксельжанс® препаратын қолдану көрсеткіштері мен дозасына қарамастан, ВТЭ белгілі қауіп факторлары бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

ВТЭ қауіп факторларына мыналар жатады:

- анамнезінде ВТЭ,
- көлемді хирургиялық операция жасалған,
- иммобилизация,
- миокард инфарктісі (соңғы 3 ай ішінде),
- жүрек функциясының жеткіліксіздігі,
- біріктірілген гормондық контрацептивтерді немесе гормондарды алмастыратын терапияны қолданған,
- қан ұюының тұқым қуалайтын бұзылуы,
- қатерлі ісіктер бар пациенттер.

Сондай-ақ, жас, семіздік (ДСИ ≥ 30), қантты диабет, артериялық гипертензия, шылым шегу сияқты ВТЭ қосымша қауіп факторларын ескеру қажет. Тофацитинибпен емдеу кезінде ВТЭ қаупінің өзгеруін талдау үшін пациенттерді мезгіл-мезгіл қайта бағалау қажет.

Тиісті балама емдеу әдісі болмаған жағдайларды қоспағанда, ВТЭ белгілі қауіп факторлары бар ОК бар пациенттерде демеуші терапия үшін үлбірлі қабықпен қапталған таблетка түрінде 10 мг дозада Ксельжанс® препаратын тәулігіне екі рет қолдану

ұсынылмайды.

Пациенттерге ВТЭ ықтимал симптомдары туралы және осы симптомдар пайда болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажеттілігі туралы хабарлау қажет. ВТЭ белгілері мен симптомдары бар пациенттер уақтылы тексерілуі керек және дозасына немесе қолдану көрсеткіштеріне қарамастан, ВТЭ-ге күдікті пациенттерде Ксельжанс® препаратын қабылдауды тоқтату керек.

Ауыр инфекциялар

Тофацитиниб алатын нпациенттерде бактериялар, микобактериялар, инвазивті микоз қоздырғыштары, вирустар және басқа да оппортунистік патогендер тудыратын ауыр және кейде өліммен аяқталатын инфекциялар байқалды.

Ксельжанс® препаратын қолдану кезінде байқалған ең жиі кездесетін ауыр инфекциялар пневмония, целлюлит, белдемелі герпес, несеп шығару жолдарының инфекциясы, дивертикулит және аппендицит болды. Ксельжанс® препаратын қолдану кезінде оппортунистік инфекциялар арасында ТБ және басқа микобактериялық инфекциялар, криптококкоз, гистоплазмоз, өңеш кандидозы, мультидерматомалық белдемелі герпес, цитомегаловирустық инфекция, ВК-вирустық инфекциялар және листериоз тіркелді. Кейбір пациенттерде жергілікті емес, диссеминацияланған инфекциялар жиі байқалды және пациенттер ревматоидты артритке немесе псориаздық артритке қосымша МТ немесе кортикостероидтар сияқты қатар жүретін иммуномодуляциялық препараттарды жиі қабылдады, олар инфекцияларға бейім болуы мүмкін. Клиникалық зерттеулерде тіркелмеген басқа да ауыр инфекциялар пайда болуы мүмкін (мысалы, кокцидиоидомикоз). Азия аймақтарында оппортунистік инфекциялардың қаупі жоғары.

Пациенттер Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде және одан кейін инфекция белгілері мен симптомдарының дамуын бақылау үшін мұқият бақылауда болуы тиіс. Егер пациентте ауыр инфекция, оппортунистік инфекция немесе сепсис дамыса, емдеуді тоқтату керек. Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде қайталама инфекция дамыған пациентке иммунокомпрометацияланған науқастарда қажетті уақтылы және толық диагностикалық тексеру жүргізілуі, пациенттің жағдайын мұқият бақылай отырып, тиісті микробқа қарсы терапияны бастау керек.

Келесі топтағы пациенттерді емдеу үшін Ксельжанс® препаратын қолданған кезде сақ болу ұсынылады:

- Осы топтарда инфекциялардың пайда болу қаупін ескере отырып, егде жастағы адамдар мен қантты диабетпен ауыратын пациенттер.
- Анамнезінде өкпенің созылмалы аурулары бар пациенттер, өйткені олар инфекциялардың пайда болуына сезімтал болуы мүмкін.
- Лимфопениямен ауыратын пациенттер.

65 жастан асқан пациенттерде Ксельжанс® препаратын басқа қолайлы балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана қолдану керек.

Туберкүлез

Ксельжанс® препаратын пациенттердің келесі топтарында қолдануды бастамас бұрын терапияның қаупі мен пайдасын ескеру қажет:

- ТБ ауыратын науқастармен байланыста болған
- ТБ немесе микоз бойынша эндемиялық аудандарда тұратындар немесе барғандар.

Пациенттер жергілікті ұсынымдарға сәйкес Ксельжанс® препаратын қолданар алдында және қолдану кезінде жасырын немесе белсенді инфекцияға тексеріліп, талдануы тиіс.

Вирустық инфекциялардың реактивациясы

Ксельжанс® препаратының клиникалық зерттеулерінде вирустық инфекциялар мен герпес вирусының (мысалы, белдемелі герпес) реактивация жағдайлары байқалды. Ксельжанс® қабылдаған пациенттер арасында белдемелі герпестің пайда болу жиілігі пациенттердің келесі санаттарында артады:

- Жапон және корей пациенттері.
- Лимфоциттердің абсолютті саны (ЛАС) 1000 жасуша/мм³ аз пациенттер.
- Бұрын екі немесе одан да көп биологиялық НҚҚП қабылдаған, ұзақ ағымды РА бар пациенттер.
- Препаратты үлбірлі қабықпен қапталған таблетка түрінде тәулігіне екі рет 10 мг дозада қабылдаған ОК бар пациенттер.

Жүрек-қантамыр тарапынан елеулі жағымсыз құбылыстары бар (миокард инфарктісін қоса)

Ксельжанс® қолданған ересек пациенттерде жүрек-қантамыр тарапынан елеулі жағымсыз құбылыстар байқалды.

Жүрек-қантамыр қаупінің кемінде бір қосымша факторы бар, 50 және одан үлкен жастағы РА бар пациенттерге жүргізілген қауіпсіздікті рандомизацияланған тіркеуден кейінгі зерттеуде Ксельжанс® препаратын қолданған кезде ИНФ тежегіштерімен салыстырғанда миокард инфарктісі пайда болуының жоғары жиілігі байқалды.

Бұрын шылым шеккен немесе шылым шегетін 65 жастан асқан пациенттерде, сондай-ақ анамнезінде жүректің ишемиялық ауруы және жүрек-қантамырлар қаупінің басқа факторлары бар пациенттерде тофацитинибті қолайлы балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана қолдану керек.

Пациенттерге МИ пайда болуының ықтимал симптомдарын қалай тануға болатындығын түсіндіру, егер оларды анықтаған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгіну керектігін айту керек.

Қатерлі жаңа түзілімдер және лимфопрролиферативік аурулар

Тофацитиниб организмнің қатерлі жаңа түзілімдерге қарсы қорғанысына әсер етуі мүмкін.

50 және одан үлкен жастағы РА-мен ауыратын, жүрек-қантамыр қаупінің кем дегенде бір қосымша факторы бар пациенттердің қауіпсіздігін рандомизацияланған тіркеуден кейінгі зерттеуде ИНФ тежегіштерімен салыстырғанда тофацитиниб қолданған кезде қатерлі жаңа түзілімдер жиілігінің жоғарылауы байқалды, атап айтқанда терінің меланомалық емес обыры (ТМЕО), өкпе обыры және лимфома.

Тофацитиниб қабылдаған пациенттерде ТМЕО, өкпе обыры және лимфоманың пайда болуы басқа клиникалық зерттеулерде және тіркеуден кейінгі қолдануда да байқалды.

Клиникалық зерттеулерде және тіркеуден кейінгі қолдануда сүт безінің обыры, меланома, қуықасты безінің обыры және ұйқы безінің обыры сияқты басқа да қатерлі жаңа түзілімдер байқалды.

Бұрын шылым шеккен немесе шылым шегетін 65 және одан үлкен жастағы пациенттерде, сондай-ақ қатерлі жаңа түзілімдердің пайда болуының басқа қауіп факторлары бар пациенттерде (мысалы, сәтті емделген терінің меланомалық емесобырынан басқа, ағымдағы немесе анамнезінде бұрыннан бар қатерлі жаңа түзілімдер) тофацитинибті қолайлы балама емдеу әдістері болмаған жағдайда ғана қолдану керек.

Тері обырының жоғары қаупі бар пациенттерге теріні мезгіл-мезгіл тексеру ұсынылады.

Өкпенің интерстициалық аурулары

Клиникалық зерттеулерде және тіркеуден кейінгі қолдануда Ксельжанс® препаратымен емделген РА бар пациенттерде өкпенің интерстициалық аурулары (олардың кейбіреулері өлімге әкелді) жағдайлары туралы хабарланды, дегенмен бұл оқиғалардың дамуындағы Янус -киназалардың (JAK) тежелу рөлі белгісіз. Азияда тұратын РА бар пациенттерде өкпенің интерстициалық ауруларының даму қаупі жоғары екені белгілі, сондықтан мұндай пациенттерді емдегенде сақ болу керек.

Асқазан-ішек жолының ағзаларының перфорациясы

Клиникалық зерттеулерде асқазан-ішек жолдарының ағзаларының перфорациясы жағдайлары тіркелді, дегенмен бұл оқиғалардың пайда болуында Янус киназалардың тежелу рөлі белгісіз.

Ксельжанс® препаратын асқазан-ішек жолдарының перфорациясының даму қаупі жоғары болуы мүмкін пациенттерде сақтықпен қолдану керек (мысалы, анамнезінде дивертикулит бар пациенттер, кортикостероидтарды және/немесе қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды бір мезгілде қабылдайтын пациенттер). Ішперде қуысы ағзаларының тарапынан пайда болған жаңа белгілері мен симптомдары бар пациенттер асқазан-ішек жолдары ағзаларының перфорациясын ерте анықтау мақсатында кідіріссіз тексерілуі керек.

Вакцинация

- Ксельжанс® препаратымен терапияны бастамас бұрын барлық пациенттерге, әсіресе пЮИА және юПсА бар пациенттерге иммундау жөніндегі қолданыстағы ұсынымдарға сәйкес жасына қарай қажетті вакциналармен егу ұсынылады.

-
- Тірі вакциналарды Ксельжанс®препаратымен терапиямен бір мезгілде енгізу ұсынылмайды. Ксельжанс® препаратымен емделмес бұрын тірі вакциналарды қолдану туралы шешім қабылдаған кезде нақты пациентте бар иммуносупрессияны ескеру қажет.
 - Вакцинация жөніндегі ұсынымдарға сәйкес белдемелі герпеске қарсы профилактикалық вакцинация туралы мәселені қарастыру керек. Бұрын екі немесе одан да көп биологиялық НҚҚП алған ұзақ ағымды ревматоидты артритпен ауыратын пациенттерге ерекше назар аудару керек. Егер белдемелі герпеске қарсы тірі вакцина енгізілсе, оны тек желшешекке қатысты анамнезі белгілі пациенттерге немесе желшешек вирусына (ЖШВ) қатысты серопозитивті пациенттерге енгізу керек. Егер анамнезінде желшешектің болуы күмәнді немесе сенімсіз болып саналса, ЖШВ антиденелердің болуына талдау жүргізу ұсынылады
 - Тірі вакциналармен вакцинациялау кемінде 2 апта бұрын, ал дұрысы Ксельжанс® препаратымен ем басталғанға дейін 4 апта бұрын не иммуномодуляциялаушы дәрілік заттарды қолдану кезінде вакцинациялау жөніндегі қолданыстағы ұсынымдарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

КСЕЛЬЖАНС® ПРЕПАРАТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТТЫ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫНАН ҚАРАҢЫЗ.

Пациенттерге кеңес беру

Сіз үшін Ксельжанс® препаратын қолданумен байланысты тәуекелдерді пациенттеріңізбен және тиісті жағдайларда оларға күтім жасайтын тұлғалармен талқылау маңызды.

Пациентке арналған жадынама пациенттерге Ксельжанс® препаратымен емдеу аясында туындауы мүмкін қауіптерді түсінуге көмектесу үшін және оларда аталған белгілер мен симптомдардың қандай да бірі пайда болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажеттігін еске салу үшін әзірленген.

Дәрігер үшін маңызды:

- Ксельжанс®тағайындалған әрбір пациентке жадынамаларды беру;
- пациентке арналған жадынаманы пайдалану туралы пациенттердің есіне салу;
- әр пациентпен ықтимал қауіптерді талқылау және пациенттің емделу кезінде ықтимал қауіптердің пайда болатынын түсінгеніне көз жеткізу;
- пациенттердің Пациенттерге арналған жадынамаларды өзімен бірге алып жүргеніне көз жеткізу, әсіресе дәрігерлерге және/немесе жедел жәрдем

бөлімшелеріне барған кезде.

Сіз пациенттерге келесі белгілер мен симптомдардың кез келгені туындаса, дереу медициналық көмекке жүгіну керектігін ескертуіңіз керек.

- Кенеттен пайда болған еңтігу немесе тыныс алудың қиындауы, кеуденің ауыруы немесе арқаның жоғарғы бөлігінің ауыруы, аяқтың немесе қолдың ісінуі, аяқтың ауыруы немесе ауырсыну сезімталдығы, Ксельжанс® препаратын қабылдау аясында аяқтың немесе қолдың қызаруы немесе түсінің өзгеруі, себебі бұл өкпеде немесе веналарда тромбтардың пайда болуының белгілері болуы мүмкін.
- Ксельжанс® препаратын қабылдағанда немесе Ксельжанс® препаратын қабылдағаннан кейін көп ұзамай аллергиялық реакциялардың ықтимал симптомдарының пайда болуы, мысалы, кеуденің қысылу сезімі, ысқырық дем, қатты бас айналу немесе есеңгіреу сезімі, еріннің, тілдің немесе тамақтың ісінуі, қышу немесе тері бөртпесі.
- Қызу, ұзаққа созылған жөтел, салмақ жоғалту немесе шамадан тыс шаршағыштық (шаршау) сияқты инфекция симптомдарының дамуы.
- Белдемелі герпес симптомдарының дамуы, мысалы, терінің ауырсындыратын бөртпесі немесе күлдіреуіктер.
- Туберкулезбен ауыратын науқаспен тығыз байланыста болды.
- Кеудеде қатты ауырсынудың немесе қысылудың пайда болуы (қолға, жақсүйекке, мойынға және арқаға берілуі мүмкін), ауа жетпеу сезімі, суық тер, есеңгіреу сезімі немесе кенеттен бас айналу, өйткені бұл белгілер жүрек ұстамасын көрсетуі мүмкін.
- Теріде қандай да бір жаңа түзілімнің өсуі немесе бар меңдердің немесе дақтардың кез келген өзгерістері байқалады.
- Еңтігу сияқты өкпенің интерстициалық ауруларының симптомдарының пайда болуы.
- Ішперде қуысы тарапынан белгілері мен симптомдардың пайда болуы, мысалы, асқазанның ауыруы, іштің ауыруы, нәжісте қанның пайда болуы немесе ішек жұмысында қызбамен бірге жүретін кез келген өзгерістер.
- Терінің сарғаюы, жүрек айну немесе құсу.
- Вакцинацияны жоспарлау. Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде пациенттерге вакциналардың белгілі бір түрлерін алуға болмайды.
- Жүктілік немесе жоспарланған жүктілік.

Пациентке арналған жадынаманың қосымша даналарына тапсырыс беру үшін тіркеу куәлігін ұстаушының өкіліне қоңырау шалыңыз немесе электронды пошта арқылы сұраңыз:

Ресей Федерациясы
«Пфайзер Инновации» ЖШҚ

123112, Мәскеу, Пресненская жағ., ү. 10,
«Башня на набережной» БО (С блогы)
Тел.: +7 (495) 287-50-00
Эл.пошта: Russia@pfizer.com

Қазақстан Республикасы

Pfizer Export B.V. (Пфайзер Экспорт Би.Ви.) компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалы
Мекенжайы: 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Н. Назарбаев даңғ., 100/4 үй
Тел.: +7 (727) 250 09 16
Электронды пошта: PfizerKazakhstan@pfizer.com

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сіз жағымсыз реакциялардың дамығаны туралы білсеңіз бұл туралы төмендегі байланыстар бойынша Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің ұлттық есеп беру жүйесі арқылы өз еліңіздің мемлекеттік уәкілетті органына хабарлаңыз:

Ресей Федерациясы

Федералдық денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі қызмет
Мекенжайы: 109012, Мәскеу, Славянская алаңы, 4-ү, құр. 1.
Тел.: +7 800 550 99 03
Электронды пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru
«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайт: www.roszdravnadzor.gov.ru

Қазақстан Республикасы:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
Мекенжайы: 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов к-сі 13 ("Нұрсәулет 2" БО)
Тел.: +7 (7172) 235-135
Электронды пошта: farm@dari.kz

Тәуекелдерді басқару жоспары

Тәуекелдерді басқару жоспарында сипатталған тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарға сәйкес фармакологиялық қадағалау бойынша іс-шаралар мен әрекеттер кешені болып табылады • 2016 жылғы 03 қарашадағы № 87 ШЕШІМ ЕЭК Кеңесінің 19.05.2022 N81 шешімімен қабылданған және 06.12.2022 бастап күшіне енген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ТИІСТІ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ (GVP)» дәрілік заттың пайдасы оны қолдану тәуекелдерінен асып түсуін қамтамасыз етуге арналған

Ксельжанс® препараты үшін тәуекелдерді басқару жоспары құрылды:

- Аталған әрекеттер мен шаралардың тиімділігін бағалауды қоса алғанда, Ксельжанс® препаратын қолдануға байланысты тәуекелдерді анықтау, сипаттау, алдын алу және азайту үшін.

Тәуекелдер туралы хабарлау

Ксельжанс® препаратымен байланысты белгілі бір тәуекелдер туралы хабарлау үшін Пфайзер компаниясы дәрілік препараттың жалпы сипаттамасында сипатталған тәуекелдер туралы, оның ішінде келесі ережелерді қоса, егжей-тегжейлі хабардар ету жоспарын әзірледі:

- пациентке арналған жадынама;
- медицина қызметкерлеріне арналған брошюра;
- емдеуді бастамас бұрын дәрігерге арналған бақылау сұрақтарының тізімі;
- демеуші терапия жүргізу кезінде дәрігерге арналған бақылау сұрақтарының тізімі.

Бақылау сұрақтарының екі тізімі: емдеуді бастамас бұрын және демеуші терапияны жүргізу кезінде, Ксельжанс® препаратымен емдеуге дейін және емдеу кезінде Сізге қолдану үшін әзірленген. Олар Ксельжанс® препаратын қолданумен байланысты тәуекелдерді және Ксельжанс® препаратымен емдеуге дейін және емдеу кезінде орындауға ұсынылатын зерттеулерді еске түсіру үшін жасалған.

Нұсқа: 2.1 Бекітілген күні:

Ксельжанс® (тофацитиниб) препараты бойынша ақпаратты қамтитын медицина мамандарына арналған веб-сайт: Pфizer.ru (Ресей Федерациясы үшін) және pfizerpro.kz (Қазақстан Республикасы үшін).

Бұл дәрілік препарат қосымша мониторинг объектісі болып табылады. Бұл қауіпсіздік туралы жаңа ақпаратты тез идентификациялауға мүмкіндік береді. Медицина қызметкерлерінен кез келген күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау сұралады.

Нұсқа: 2.1 Бекітілген күні:

Барлық білім беру материалдары, соның ішінде пациентке арналған жадынама және Емдеуді бастамас бұрын/демеуші терапия кезіндегі бақылау сұрақтарының тізімі веб-сайтта қолжетімді: Pфizer.ru (Ресей Федерациясы үшін) және pfizerpro.kz (Қазақстан Республикасы үшін).

РА тәуекелдерін ағымдағы бағалау

Ревматоидты артритті (РА) емдеуде Ксельжанс® препаратын қолданумен байланысты тәуекелдерді бағалауды жалғастыру үшін Пфайзер компаниясы Ұлыбританияда бір тізілімді (BSRBR), Германияда бір тізілімді (RABBIT), Швецияда бір тізілімді (ARTIS) және Испанияда бір тізілімді (BIOBADASER) қамтитын РА бойынша жетекші 4 Еуропалық Тізілім негізінде тәуекелдерді зерттеуге міндеттеме алды:

- BSRBR: <https://bsrbr.org/>
- RABBIT – Rheumatoide Arthritis: Beobachtung der Biologika-Therapie: <https://biologika-register.de>

-
- ARTIS: <https://srq.nu/en/artis-health-professional>
 - BIOBADASER: <https://biobadaser.ser.es/default.aspx>

Осы регистрлерге негізделген бұл зерттеулердің мақсаты ревматоидты артриті бар пациенттерде Ксельжанс® препаратын қолдануға қатысты клиникалық практика жағдайында қауіпсіздік туралы қосымша мәліметтер жинау болып табылады.

ОК

ОК емдеу кезінде Ксельжанс® препаратын қолданумен байланысты тәуекелдерді бағалауды жалғастыру үшін Пфайзер компаниясы ОК бойынша Еуропалық тізілімдердің деректерін, соның ішінде Швецияда (Швецияның ішектің қабыну аурулары кезінде көмек көрсету сапасының ұлттық тізілімі [SWIBREG] және бір жалпыеуропалық тізілімді (Клиникалық бағалау мен зерттеулердің біріктірілген тізілімдері [UR-CARE]) пайдалана отырып, белсенді бақылаумен проспективті интервенциялық емес зерттеуге қатысуға міндеттеме алды.

Бұл зерттеудің мақсаты ОК бар пациенттерде қолдану кезінде клиникалық практика жағдайында Ксельжанс® препаратының қауіпсіздік бейінін тереңірек түсінуді және сипаттауды қамтамасыз ету болып табылады. Ол тәулігіне екі рет 10 мг дозада Ксельжанс® препаратымен демеуші ем алатын пациенттерде қауіпсіздік бейінінің субталдауын қамтитын болады.

- SWIBREG <http://www.swibreg.se/>
- UR-CARE
<https://www.ecco-ibd.eu/science/ur-care.html>

ЮИА

ЮИА емдеу кезінде Ксельжанс® препаратын қолданумен байланысты тәуекелдерді бағалау үшін Пфайзер компаниясы Германиядағы екі тіркелімді (Балалар ревматологиясындағы биологиялық препараттардың неміс тіркелімі немесе BiKeR және Ювенильді артритті метотрексатпен/биологиялық препараттармен немесе JuMBO-мен емдеуді ұзақ мерзімді бақылау тіркелімі), Швециядағы бір тіркелімді (Швецияның ЮИА клиникалық тіркелімі) және Ұлыбританиядағы бір тіркелімді (ЮИА кезіндегі биологиялық препараттардың тіркелімі) қамтитын Еуропалық 4 жетекші тіркелім негізінде тәуекелдерді зерттеуге міндеттеме алды.

Жоғарыда берілген тіркелімдерге негізделген зерттеу деректерінің мақсаты полиартикулярлы ювенилдік идиопатиялық артритпен және ювенилдік псориаздық артритпен ауыратын пациенттерге Ксельжанс® препаратын қолдануға қатысты клиникалық практика жағдайында қауіпсіздік туралы қосымша ұзақ мерзімді мәліметтерді жинау болып табылады.

-
- BiKeR
<http://www.biker-register.de/>
 - Ұлыбританияның ЮИА кезіндегі биологиялық препараттардың тіркелімі
<https://sites.manchester.ac.uk/bcrdbspar/>

Егер сіздің қандай да бір сұрақтарыңыз болса, «Пфайзер Инновации» ЖШҚ компаниясының Медициналық ақпарат бөліміне телефон арқылы хабарласуыңызды сұраймыз: +7 495 287 5000, MedInfo.Russia@Pfizer.com немесе www.pfizermedinfo.ru.

Нұсқа: 2.1 Бекітілген күні:

ЕАЭО елдеріндегі препараттың саудалық атаулары:

Яквинус® - Ресей Федерациясы

Кельжанс® – Қазақстан Республикасы.

ПАМЯТКА ДЛЯ ПАЦИЕНТА

ПАМЯТКА ДЛЯ ПАЦИЕНТА

Ксельжанс®(тофацитиниб)

Данная памятка содержит важную информацию о безопасности применения препарата Ксельжанс®

Если эта информация Вам непонятна, обратитесь к Вашему лечащему врачу или работнику аптеки. Носите памятку с собой и показывайте ее лечащим врачам и работникам аптеки. В случае прекращения лечения препаратом Ксельжанс®, сохраняйте эту памятку у себя не менее 2-х месяцев после применения последней дозы препарата Ксельжанс®.

Дополнительную информацию см. в листке-вкладыше препарата Ксельжанс®. Применяйте препарат Ксельжанс® только в соответствии с рекомендациями, представленными в листке-вкладыше.

Сообщите своему лечащему врачу или работнику аптеки обо всех препаратах, которые Вы принимаете, недавно принимали или можете начать принимать, в том числе о рецептурных и безрецептурных препаратах, витаминах и растительных добавках. При совместном применении Ксельжанса® с другими препаратами может увеличиваться риск развития нежелательных реакций, иммуносупрессий и инфекций.

При приеме препарата Ксельжанс® может возрастать риск развития инфекций, и некоторых видов новообразований (включая рак легкого, лимфому и меланомного рака кожи)

ФИО пациента	
ФИО лечащего врача	
Телефон лечащего врача	
Дата начала терапии Ксельжанс®	

Пациенты в возрасте 65 лет и старше могут быть подвержены повышенному риску развития инфекций, сердечно-сосудистых заболеваний и развитию некоторых видов злокачественных новообразований.

Ваш лечащий врач может принять решение, что препарат Ксельжанс® Вам не подходит.

Версия: 2.1

Дата одобрения:

Во время лечения препаратом Ксельжанс® немедленно сообщите своему лечащему врачу, если у Вас:

- Внезапно возникла одышка или затрудненное дыхание, боль в грудной клетке или боль в верхней части спины, отек ног или рук, боль или болезненные ощущения в ногах либо покраснение или изменение цвета кожи ног или рук при приеме препарата Ксельжанс®, так как это может быть признаками образования тромба в легких или венах.
- Возникли такие симптомы инфекции, как жар, длительный кашель, потеря массы тела либо повышенная усталость.
- Возникли любые симптомы опоясывающего герпеса, например, болезненная кожная сыпь или волдыри.
- Был тесный контакт с больным туберкулезом.
- Появилась сильная боль или чувство давления в грудной клетке (которые могут распространяться в руки, челюсть, шею или спину), чувство нехватки воздуха, холодный пот, чувство дурноты или внезапное головокружение.
- Увеличились какие-либо лимфатические узлы на шее, в подмышечных впадинах или в паху; возникло постоянное чувство усталости; жар; ночная потливость; длительный или нарастающий кашель; затрудненное дыхание; охриплость или свистящее дыхание; либо необъяснимая потеря веса.
- Отмечается рост какого-либо нового образования на коже или какие-либо изменения имеющихся родинок или пятен.
- Возникли симптомы интерстициальных заболеваний легких, такие как одышка.
- Возникли признаки и симптомы со стороны брюшной полости, такие как боль в желудке, боль в области живота, кровь в кале или какие-либо изменения в работе кишечника с повышением температуры.
- Пожелтела кожа, появилась тошнота или рвота.
- Планируете поставить вакцину. Во время лечения препаратом Ксельжанс® Вам не следует получать некоторые типы вакцин.
- Забеременели или планируете беременность.
- Ксельжанс® нельзя использовать во время беременности. Женщинам детородного возраста следует использовать эффективные средства контрацепции во время лечения препаратом Ксельжанс® и по меньшей мере 4х недель после приема последней дозы препарата.
- Женщинам не следует кормить грудью во время лечения препаратом Ксельжанс®.

Если у Вас наблюдаете у себя развитие нежелательных реакций, сообщите об этом своему

	<i>лечащему врачу, фармацевту или другому медицинскому работнику.</i>
--	---

ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Ксельжанс®(тофацитиниб)

Бұл жадынамада Ксельжанс® препаратын қолдану қауіпсіздігі туралы маңызды ақпарат бар

Егер бұл ақпарат Сізге түсініксіз болса, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз. Жадынаманы өзіңізбен бірге алып жүріңіз және оны емдеуші дәрігерлер мен дәріхана қызметкерлеріне көрсетіңіз. Ксельжанс® препаратымен емдеуді тоқтатқан жағдайда, осы жадынаманы Ксельжанс®препаратының соңғы дозасын қолданғаннан кейін кемінде 2 ай бойы өзіңізде сақтаңыз.

Қосымша ақпаратты Ксельжанс® препаратының қосымша парағынан қараңыз. Ксельжанс® препаратын тек қосымша парақта ұсынылған ұсынымдарға сәйкес қолданыңыз.

Емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне Сіз қабылдаған, жақында қабылдаған немесе қабылдауды бастауыңыз мүмкін барлық препараттар туралы, соның ішінде рецепт арқылы және рецептсіз препараттар, дәрумендер мен өсімдік қоспалары туралы хабарлаңыз. Ксельжанс® препаратын басқа препараттармен бірге қолданған кезде жағымсыз реакциялардың, имуносупрессиялар мен инфекциялардың даму қаупі артуы мүмкін.

Ксельжанс® препаратын қабылдаған кезде инфекциялардың және жаңа өспелердің кейбір түрлерінің (өкпе обыры, лимфома және терінің меланомалық емес обырын қоса алғанда) даму қаупі артуы мүмкін

Пациенттің ТАӘ	
Емдеуші дәрігердің ТАӘ	
Емдеуші дәрігердің телефоны	
Ксельжанс® терапиясының басталу күні	

65 және одан үлкен жастағы пациенттерде инфекциялардың, жүрек-қантaмыр ауруларының және кaтерлі жаңа өспелердің кейбір түрлерінің даму қаупі жоғары болуы мүмкін. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Ксельжанс® препараты Сізге сәйкес келмейді деп шешуі мүмкін.

Нұсқа: 2.1

Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде, егер Сізде бар болса, дереу емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз:

- Ксельжанс® препаратын қабылдау аясында кенеттен еңтігу немесе тыныс алудың қиындауы, кеуденің ауыруы немесе арқаның жоғарғы бөлігінің ауыруы, аяқтың немесе қолдың ісінуі, аяқтың ауыруы немесе ауырсыну сезімталдығы не аяқтың немесе қолдың қызаруы немесе түсінің өзгеруі, себебі бұл өкпеде немесе веналарда тромбтардың пайда болуының белгілері болуы мүмкін.
- Қызу, ұзаққа созылған жөтел, дене салмағының жоғалуы немесе шаршаудың жоғарылауы сияқты инфекция симптомдары пайда болды.
- Белдемелі герпес симптомдарының кез келгені пайда болды, мысалы, терінің ауырсындыратын бөртпесі немесе күлдіреуіктер.
- Туберкулезбен ауыратын науқаспен тығыз байланыста болды.
- Кеуде де қатты ауырсыну немесе қысым сезімі пайда болды (ол қолға, жақсүйекке, мойынға немесе арқаға таралуы мүмкін), ауаның жетіспеуі сезімі, суық тер, есеңгіреу сезімі немесе кенеттен бас айналу.
- Мойында, қолтық ойықтарында немесе шапта қандай да бір лимфа түйіндері ұлғайды; тұрақты шаршау сезімі пайда болды; қызу; түнгі тершендік; ұзаққа созылған немесе үдемелі жөтел; тыныс алудың қиындауы; дауыстың қарлығуы немесе ысқырық дем; немесе түсініксіз салмақ жоғалту.
- Теріде қандай да бір жаңа түзілімнің өсуі немесе бар меңдердің немесе дақтардың кез келген өзгерістері байқалады.
- Еңтігу сияқты өкпенің интерстициалық ауруларының симптомдары пайда болды.
- Ішперде қуысы тарапынан белгілері мен симптомдардың пайда болды, мысалы, асқазанның ауыруы, іш аймағының ауыруы, нәжісте қан немесе ішек жұмысында температураның жоғарылауымен бірге жүретін кез келген өзгерістер.
- Тері сарғайып, жүрек айнуы немесе құсу пайда болды.
- Вакцина салуды жоспарлап отырсыз ба? Ксельжанс® препаратымен емделу кезінде Сізге вакциналардың кейбір түрлерін алуға болмайды.
- Жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз.
- Ксельжанс® препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды. Бала көтеретін жастағы әйелдер Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде және препараттың соңғы дозасын қабылдағаннан кейін кемінде 4 апта бойы контрацепцияның тиімді құралдарын қолдануы тиіс.
- Әйелдер Ксельжанс® препаратымен емдеу кезінде бала емізбеуі керек.

Егер Сіз өзіңізде жағымсыз реакциялардың дамуын байқасаңыз, бұл туралы емдеуші дәрігерге,

Мақұлданған күні:	<i>фармацевтке немесе басқа медицина қызметкеріне хабарлаңыз.</i>
-------------------	---

Ксельжанс® (тофацитиниб) ▼

**ВАЖНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ВРАЧА ПЕРЕД НАЗНАЧЕНИЕМ ПРЕПАРАТА
КСЕЛЬЖАНС®**

Пациент:

Дата: _____

Данный лекарственный препарат является объектом дополнительного мониторинга безопасности. Это позволит быстро идентифицировать новую информацию о безопасности. Медицинских работников просят сообщать о любых подозреваемых нежелательных реакциях.

Версия: 2.1 Дата утверждения:

Лечение тофацитинибом пациентов с ревматоидным артритом (РА), псориатическим артритом (ПсА), анкилозирующим спондилоартритом (АС), язвенным колитом (ЯК) или ювенильным идиопатическим артритом (ЮИА) должно начинаться и контролироваться врачом-специалистом, имеющим опыт диагностики и лечения соответствующих заболеваний.

В рандомизированном пострегистрационном исследовании безопасности у пациентов с РА в возрасте 50 лет или старше по меньшей мере с одним дополнительным фактором риска сердечно-сосудистых заболеваний, наблюдалось увеличение частоты возникновения инфаркта миокарда (ИМ) и злокачественных новообразований (за исключением немеланомного рака кожи (НМРК)), в частности рака легкого и лимфомы, при применении тофацитиниба по сравнению с ингибиторами ФНО.

У взрослых пациентов, принимающих тофацитиниб, наблюдались серьезные явления венозной тромбоэмболии (ВТЭ), включая тромбоэмболию легочной артерии (ТЭЛА), в некоторых случаях с летальным исходом, а также возникновением тромбоза глубоких вен (ТГВ). В клиническом исследовании тофацитиниба наблюдалось дозозависимое повышение риска ВТЭ по сравнению с применением ингибиторов ФНО.

У взрослых пациентов, получавших терапию тофацитинибом в рамках клинических исследований, наблюдалось возникновение серьезных инфекций, ВТЭ (ТГВ и ТЭЛА), сердечно-сосудистых заболеваний (за исключением инфаркта миокарда (ИМ)), ИМ, опоясывающего герпеса, туберкулеза (ТБ) и других оппортунистических инфекций, злокачественных новообразований (в том числе лимфомы и рака легкого), летального исхода, перфорации органов желудочно-кишечного тракта, интерстициальных болезней легких, а также отклонений лабораторных показателей.

Тофацитиниб может быть использован только в том случае, если нет других альтернативных методов лечения для:

- Пациентов в возрасте 65 лет или старше;
 - Пациентов с атеросклеротическими сердечно-сосудистыми заболеваниями в анамнезе или с другими факторами риска развития сердечно-сосудистых заболеваний (например, курящими в настоящее время или которые курили в прошлом);
- Пациенты, с факторами риска развития злокачественных новообразований (например, злокачественная опухоль или злокачественное новообразование в анамнезе).

С целью раннего выявления перечисленных рисков пациенты должны находиться под тщательным наблюдением лечащего врача на предмет любых из признаков и симптомов, а также отклонений лабораторных показателей.

Данный перечень контрольных вопросов перед началом лечения предназначен в качестве напоминания о рисках, связанных с терапией тофацитинибом, и о рекомендуемых к выполнению действий перед первым приемом тофацитиниба.

Перед назначением тофацитиниба пациентам проверьте следующие показатели:

➤ Есть ли у пациента какие-либо признаки нарушения функции печени (класс А, В, С по Чайлд-Пью)? Обратите внимание на следующее: • Тяжелая степень нарушения функции печени (класс С по Чайлд-Пью) ⇒ не рекомендуется принимать тофацитиниб; • Умеренная степень нарушения функции печени (класс В по Чайлд-Пью): ○ Ревматоидный артрит (РА), Псориатический артрит (ПсА) и Анкилозирующий спондилоартрит (АС) ⇒ прием дозы тофацитиниба следует снизить до 5 мг один раз в сутки; ○ Язвенный колит (ЯК) ⇒ прием дозы препарата следует снизить до 5 мг один раз в сутки, если рекомендуемая доза при нормальной функции печени составляет 5 мг два раза в сутки. Дозу препарата необходимо снизить до 5 мг два раза в сутки при рекомендуемой дозе 10 мг два раза в сутки при нормальной функции печени; ○ Ювенильный идиопатический артрит (ЮИА) ⇒ дозу тофацитиниба следует снизить до 5 мг один раз в сутки или до эквивалентной ей дозы, рассчитанной по массе тела, один раз в сутки, в случаях, если рекомендуемая доза при нормальной функции печени составляет 5 мг два раза в сутки. • Легкая степень нарушения функции печени (класс А по Чайлд-Пью) ⇒ коррекции дозы препарата не требуется;	Да ☐ Нет ☐
---	--

➤ Есть ли у пациента какие-либо признаки нарушения функции почек (на основании клиренса креатинина)? Обратите внимание на следующее: • Тяжелая степень нарушения функции почек (клиренс креатинина <30 мл/мин): ○ При РА, ПсА и АС ⇒ дозу тофацитиниба следует снизить до 5 мг один раз в сутки; ○ При ЯК ⇒ дозу препарата следует снизить до 5 мг один раз в сутки, если рекомендуемой дозой при нормальной функции почек является 5 мг два раза в сутки. Дозу препарата необходимо снизить до 5 мг два раза в сутки при рекомендуемой при нормальной функции почек дозе 10 мг два раза в сутки. Пациенты с тяжелым нарушением функции почек должны продолжать получать сниженную дозу препарата даже после гемодиализа; ○ При ЮИА ⇒ дозу тофацитиниба следует снизить до 5 мг один раз в сутки или до эквивалентной ей дозы, рассчитанной по массе тела, один раз в сутки, в случаях, если рекомендуемая доза при нормальной функции почек составляет 5 мг два раза в сутки; • Легкая степень (клиренс креатинина 50–80 мл/мин) или умеренная степень нарушения функции почек (клиренс креатинина 30-49 мл/мин) ⇒ коррекции дозы препарата не требуется;	Да ☐ Нет ☐
➤ Если пациентка в настоящее время беременна или она планирует беременность? Сообщили ли Вы пациентам женского пола о том, что: • Применение тофацитиниба противопоказано во время беременности? • Женщины с репродуктивным потенциалом должны использовать эффективные средства контрацепции во время терапии тофацитинибом и по меньшей мере 4 недели после приема последней дозы препарата?	Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐
➤ Кормит ли пациентка грудью или планирует грудное вскармливание? • Сообщили ли Вы пациентам женского пола о том, что применение тофацитиниба во время грудного вскармливания противопоказано?	Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐
➤ Сообщили ли Вы, что если пациент в настоящее время принимает какие-либо биологические препараты или сильные иммунодепрессанты, то следует избегать лечения тофацитинибом? Обратите внимание на следующее: Следует избегать прием тофацитиниб в сочетании с биологическими препаратами, такими как антагонисты ФНО, антагонисты интерлейкина (IL)-1R, антагонисты IL-6R, моноклональные антитела к CD20, антагонисты IL-17, антагонисты IL-12/IL-23, антиинтегрины, селективные модуляторы ко-стимуляции, а также высокоактивными иммунодепрессантами, такие как азатиоприн, циклоспорин, 6-	Да ☐ Нет ☐

меркаптопурин и такролимус, из-за возможного усиления иммуносупрессии и увеличения риска развития инфекции.	
➤ Пациент старше 65 лет? Если да: Рассмотрели ли Вы альтернативные варианты лечения, учитывая повышенный риск возникновения серьезных инфекций, ИМ, злокачественных новообразований и случаев летальных исходов? Обратите внимание на следующее: Пациентам старше 65 лет тофацитиниб следует назначать только, если нет других подходящих альтернативных вариантов лечения.	Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐
➤ Пациент старше 65 лет, является курильщиком в настоящее время или курил в прошлом, или имеет в анамнезе атеросклеротические сердечно-сосудистые заболевания или другие сердечно-сосудистые факторы риска? Если да: Для этого пациента существуют какие-либо другие подходящие альтернативные методы лечения? Обратите внимание на следующее: Учитывая повышенный риск возникновения серьезных нежелательных сердечно-сосудистых событий (включая ИМ), тофацитиниб следует назначать только, если нет подходящих альтернативных методов лечения.	Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐
➤ Обсудили ли Вы с пациентом, как распознать симптомы ИМ и необходимость своевременного обращения за медицинской помощью в случае их возникновения? Обратите внимание на следующее: Пациент должен знать о необходимости обращения за медицинской помощью в случае возникновения у него внезапной сильной боли или стеснения в грудной клетке (которые могут отдавать в руку, челюсть, шею и спину), нехватки воздуха, холодного пота, чувства тошноты или внезапного головокружения.	Да ☐ Нет ☐
➤ Пациент старше 65 лет, является курильщиком в настоящее время или курил в прошлом, или имеет другие факторы риска развития злокачественных новообразований (например, существующие в настоящее время или имеющиеся в анамнезе злокачественные новообразования, отличные от успешно вылеченного РКМН)? Если да: Существуют ли для этого пациента какие-либо другие подходящие альтернативные методы лечения? Обратите внимание на следующее: В связи с повышенным риском возникновения новообразований, тофацитиниб следует назначать только, если нет подходящих альтернативных методов лечения.	Да ☐ Нет ☐ Да ☐ Нет ☐
